

**№265 негізгі мектеп педагог-психологының 2022-2023 оку жылы
бойынша атқарған жұмыстары туралы**
АНАКТАМА

№265 негізгі мектебінде жоспар бойынша жұмыстар уақытылы жүргізіліп келеді. Оку жылының басында психологиялық қызмет орталығының жұмыс жоспары жасалып, тиісті журналдар арналып, бекітілді. Мектеп психологы ата-анамен бала арасында және мұғаліммен окушының өзара қарым-қатынасын орнатып, кездескен келеңсіз қылыштарды дер кезінде шешіліп, кеңес беріліп отырылды. Бірінші сыныпқа қабылданған окушылардың физиологиясындағы, психикасындағы, келеңсіз құбылыстарды болдырмау үшін жүйелі, үдіксіз жұмыс жүргізіліп отырылды. 1 сынып окушыларының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында «Керн-Йирасек» тест жұмысы алынды. Тест қорытындысы бойынша сынып жетекшімен бірлесіп жұмыстар жүргізді.



Бесінші сынып окушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп кеңестер берілді. 5 сынып окушыларына «Бесінші сынып дегеніміз не?», «Жаңа орта және мен» саулнамасы алынып қорытындысы сынып жетекшіге танстырылып, қажетті түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 5 сынып окушыларының қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым» проектті әдістемесі алынды. Саулнама нәтижесі бойынша сынып жетекшіге, ата-аналарға ұсыныстар берілді. 5 сынып окушыларына «Біз біргеміз» тақырыбын тренинг өткізілді.



9 сынып оқушыларының кәсіпке бейімделуін анықтау мақсатында «Л.Йовайшидің кәсіби бейімділік» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесіне сәйкес оқушыларға мамандық түрлері туралы мағлұматтар берілді. Сынып жетекші мен ата-аналарға сауалнама нәтижесіне сәйкес ұсыныстар айтылды



Жоспар бойынша мектеп бітіруші 9 сынып оқушыларына мамандық таңдауға бағытталған дәрістер, «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі» тренингі жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар жоспарға сай сынып оқушылары арасында түрлі психологиялық тренинг жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп отырылды.


5-7 сынып оқушылар арасында «Социометрия» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме корытындысы бойынша сынып жетекшімен бірлесіп жұмыстар жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой, іс-әрекетін, есте сактау қабілетін анықтау дамыту мақсатында «Таным процестерін зерттеу әдістемесі», «Есте сакта» әдістемесі, «Интеллектуалды даму деңгейін анықтау» әдістемесі жұмыстары жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын молайту, топтық жұмыс істеу қабілеттетін нығайту мақсатында «Сиқырлы сидық», «Не жетіспейді», «Лабиринт» 1-4 сынып аралығында тренингтер өткізілді. Кенес беру журналына ата-аналарға, мектеп қызыметкерлеріне, оқушыларға уақытылы кенестер берілуде. Суициалды мінезд-құлықты алдын-алу жұмыстарына сынып арасында сергіту жаттығуларын орындау жұмыстарын жүргізу. Сабак мақсаты: сенімділік атмосфераның қалыптастыруға көмектеседі. Ата -аналарға адамдардың, жасөспірімдердің суицидке бару жолдары мен себептері айтылды. Жоғарғы сынып оқушылары арасында «Өкпе реніш оларды білдіру жолдары» тақырыбында психологиялық сабак өткізу 8-9 сыныптар арасында өткізілді. Оқушылардың жеке файлмен сынып жетекшілермен бірге диагностикалық карта, жасөспірімнің жеке картасы, мінездеме жазылып әрбір оқушыға және зерттеу дәптерлері мен жұмыстар жүргізілді. Қоғамға зиянды қылықтардың түрлері мен себептерін анықтау қаңғыбастық, ұрлық, ішімдікке салыну т.б. жұмыстарына кенестер берілді. Ата-ана мен мектеп арасында жақсы қарым-қатынас орнату, ата-аналардың көніл-күйлерін көтеру мақсатында тренинг, ойындар жүргізілді.




Тренингке катысқан ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, жақсы әсер алғандарын айтып өздерінің ризашылықтарын білдірді.

Оқушылардың пәнге қызығушылығы мен карым-қатынасын анықтау мақсатында 5-7 сыныптардан сауалнама, тест алынды. Нәтижесінде оқушылардың қандай пәнді жақсы көретіні, қандай пәнді жақсы көрмейтіні және себептері анықталды. Салауатты өмір салтын насиҳаттау мақсатында темекінің, ішімдіктің, нашақорлықтың адам өмірінде, қогамға да зияны мен зардабы туралы түсіндірме жұмысы өткізіліп, мағлұматтар берілді. «Зорлық - зомбылық» алдын алу мақсатында сауалнамалар алынып, кортындысы шыгарылды. Мамандық тандай білеміз бе? тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен әнгіме жүргізілді. 5-9 сынып оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында (Е.Рогов) әдістемесі бойынша сауалнамасы алынып қорытындысы бойынша оқушылардың темпераменттері анықталып, олардың темпераменттеріне байланысты мамандықтың сәйкесті айтылды.

Мектеп психологының жұмыстары жоспар бойынша уақытылы жүргізіліп отырды.

№265 негізгі мектеп директоры:  Н.Жусупов.

Орындаған №265 негізгі мектеп педагог-психологи:  Ж.Қонысбаев